

Алматы экономика және статистика академиясы  
Сібір бизнес, басқару және психология институты  
Ставрополь университеті

Алматинская академия экономики и статистики  
Сибирский институт бизнеса, управления и психологии  
Ставропольский университет



2017 жылдың 29 наурызында  
Алматы қаласында өткен  
«Қазіргі экономика және білім беру мәселелері, мүмкіндіктері мен даму  
перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының материалдары  
Том 2



Материалы международной научно-практической конференции  
«Современная экономика и образование: проблемы,  
возможности и перспективы развития»  
29 марта 2017г., г.Алматы  
Том 2

**Materials of the International Scientific - Practical Conference**  
**“Modern Economics and Education: Problems,**  
**Opportunities and Prospects of Development”.**  
**March 29, 2017, Almaty**  
**Том 2**

Алматы, 2017

УДК 378  
ББК 74.58  
Қ 22

Редакционно-издательский совет:

Корвяков В.А. (председатель), Мухамбетов Д.Г. (зам.председателя), Бекенова Л.М., Бигдай О.Б., Кандаурова Н.В., Забуга Е.В., Третьяков А.С., Ридель Л.Н., Дауренбеков А.К., Бертаева К.Ж., Сейтхамзина Г.Ж., Штиллер М.В., Мадьярова Г.А., Айтжанова Н.М., Дәрібай М.М.

Қ 22 Қазіргі экономика және білім беру мәселелері, мүмкіндіктері мен даму перспективалары»,

«Современная экономика и образование: проблемы, возможности и перспективы развития»,

"Modern Economics and Education: Problems, Opportunities and Prospects of Development"/-Алматы:Алматинская академия экономики и статистики, 2016.

ISBN 978-601-280 -897-1  
Т2 – 2017.-579 стр.  
ISBN 978-601-280-899-5

В сборник включены доклады, представленные на международную научно-практическую конференцию «Современная экономика и образование: проблемы, возможности и перспективы развития», (29 марта 2017г.) по секциям: «Финансово-банковская система Казахстана в условиях мирового финансового кризиса», «Перспективы развития учета, аудита, оценки, статистики в Республике Казахстан и опыт других стран», «Применение информационных технологий в науке, производстве и образовании», «Проблемы, перспективы и тенденции развития социально-гуманитарных наук».

УДК 378  
ББК 74.58

© Алматинская академия  
экономики и статистики, 2017

## СОДЕРЖАНИЕ

### ФИНАНСОВО-БАНКОВСКАЯ СИСТЕМА КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ МИРОВОГО ФИНАНСОВОГО КРИЗИСА

2	<b>Абдрахманова А.Т.</b> Проблемы и перспективы развития мирового валютного рынка	11
3	<b>Абильмажинов М.</b> Оценка качества кредитного портфеля банка	15
4	<b>Абишева Г.А.</b> Қазақстан Республикасында сақтандыру компаниялары	21
5	<b>Арынғазы Ш.А.</b> Проблемы финансовой устойчивости банков	26
6	<b>Аукенов А. Б.</b> Развитие рынка банковских карт в Республике Казахстан	31
7	<b>Ахметова Л.М.</b> Масштабы присутствия в Казахстане иностранного банковского капитала снижения рисков	34
9	<b>Базарбаев А.О., Сексенбаева Г.Б.</b> Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын жасау	47
10	<b>Базарбаев А.О., Шыныбекова Ш.С.</b> Компанияның бизнес жоспарының қаржылық бөлімін дамыту	51
11	<b>Байбулекова Л.А., Бекмухамедова Д.</b> Особенности совершенствования методов управления системы бюджетирования предприятий сферы услуг мүдделеріне әсері	55 59
13	<b>Бейсебаева Қ.У.</b> Қаржылық талдау және бағалаудың мәні мен қажеттілігі	63
14	<b>Бельдибаева К.Ж., Садықбеков Е.С.</b> Қазақстан Республикасы банктері және банк қызметін жақсарту тәсілдері	66
15	<b>Бертаева К.Ж.</b> Современная ситуация в банковской системе Казахстана	69
16	<b>Болатбек Д.И.</b> Теоретические аспекты финансовой устойчивости банка второго уровня	73
17	<b>Гмыря В.П.</b> Особенности государственного регулирования банковского кредитования инвестиционных проектов в аграрном секторе Украины	77
18	<b>Елубаева Ж.К.</b> Шетел инвестицияларын тартудың негізгі жолдары және олардың тиімділігі	81
19	<b>Жандарбекова М.</b> Проблемы современного казахстанского страхового рынка	83
20	<b>Жантаева А. А.</b> Қазақстанның зейнетақы жүйесі әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде	87
21	<b>Ильясова Г.Р.</b> Социальные аспекты инфляционных процессов в условиях кризиса	91

## Қазақстанның зейнетақы жүйесі әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде

А. А. Жантаева

«Нархоз» университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

[Aigul\\_0905@mail.ru](mailto:Aigul_0905@mail.ru)

Концептуалдық тұрғыдан алғанда Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің екі тәсілі немесе екі философиясы қалыптасқан: ынтымақтастық және жинақтаушы.

Ынтымақтастық жүйе бастапқыда мемлекеттік бюджеттің тұрақсыздығының нәтижесінде, қысқа мерзімді бюджеттік қиыншылықтарға байланысты туындады. Көп жағдайда бұл халықтың қартаюымен және одан кейінгі демографиялық ауыртпалық көрсеткіштерінің нашарлауымен емес (жұмыс істейтіндердің саны мен зейнеткерлікке шыққандардың арасындағы арақатынас, 1990 жылы-1:3,1 құрады), керісінше, жүйелік ауыртпашылық көрсеткіштердің нашарлауы нәтижесінен болған шығындардың күрт өсуімен (зейнетақы алатындардың санының жарна төлейтіндердің санына қатынасы) байланысты болды.

Бұған, сол кезеңдегі өндірістің құлдырауынан жұмыс орындарының қысқаруы мен өнімдерін өткізетін нарықтың жоқтығынан кәсіпорындардың жабылуы салдарынан жұмыссыздықтың артуы себеп болды, ал ол өз кезегінде ЖІӨ көлемін күрт төмендетті. Төлемдер дағдарысы және миграциялық (1991 жылы елге келген әрбір еңбекке жарамды жастағы адамға шаққанда, осы жастағы 7-ден астам адам елден кетті) процестер сияқты зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін дағдарысқа әкелетін басқа да бірқатар жайттар әсер етті.

Сонымен қатар зейнетақы деңгейіне, ресми емес жұмыссыздық нәтижесінен (1991-1997 жылдары жұмыссыздардың саны 70,5 мың адамнан 285,5 мың адамға дейін өсті) табыстың және салық (әлеуметтік салық) мөлшерінің азаюы сияқты басқа да факторлар әсерін тигізді [1]. Бұдан басқа, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың тобы, яғни базарда жұмыс істейтіндер, ауылшаруашылығы еңбеккерлері т.б. есебінен ешқандай аударымдардың болмағаны да белгілі.

Соңғы он жылда елімізге келіп жетке ғаламдық қартаю процессі де, халықтың демографиялық құрылымын және ұрпақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық тепе-теңдікті өзгертті. Бұл жайт, зейнетақы жүйесіне өз әсерін тигізген қаржы-экономикалық дағдарыстың нәтижесінде күшейе түсті. Осыдан барып, қарт адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету формалары туралы мәселелер көтеріліп, зейнетақы жүйесіне жаңа талаптар қойыла бастады. Сондықтан, жинақтаушы жүйеге көңіл бөлу және зейнетақы жүйесін реформалау, бірқатар объективті экономикалық себептермен, болашақта қолданылатын ынтымақтастық жүйенің дәрменсіздігімен, ХХ ғасырдың аяғында орын алған ел экономикасындағы неолибералдық толқынымен байланысты болды.

Бұл жүйені жетілдіру барысында басқаруға болатын негізгі механизмдер - бұл зейнеткерлік жасты реттеу; тағайындалған зейнетақы мөлшерлерін саралау (дифференциация); зейнетақыны индексстеу. Бұл ретте айтатын болсақ, зейнетақы реформасы басталғалы бері зейнеткерлік жастың екінші рет көтерілгендігіне куә болып отырмыз. Сондықтан, нарықтық қатынастарға негізделген икемді экономикалық механизм, жинақтаушы зейнетақы жүйесін құру қажеттілігі туындады. 1998 жылы ұрпақ ынтымақтастығына негізделген зейнетақы жүйесінен, зейнетақы қорларында жеке зейнетақы жинақтарын жинақтауға негізделген, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшті.

Зейнетақымен қамсыздандыру барысында орын алған мұндай реттеушілік бюджетке түскен ауыртпашылықты азайтуға мүмкіндік берді, қарттығына байланысты тағайындалатын зейнетақыға қаражат аудару жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлерге жүктеліп, зейнетақымен қамтамасыз ету шығындарына, мемлекет өзінің қатысуын мейлінше төмендетті.

Сондықтан басқа концептуалдық негіз бойынша, әр азамат өзінің болашағын, жағдайын жасауға, қарттығын қамтамасыз етуге өзі жауапты болады. Бұл философия мемлекеттік зейнетақы жүйесін, зейнетақыны жұмысшының өзінің жеке қаржыландыру қағидасына негіздеп, еңбекақының үлесі есебінен болашақтағы зейнетақы қорланымының өсуін қамтамасыз ету және оларды құнсызданудан қорғау мақсатында қаржы құралдарына инвестициялауды жүзеге асыратын, міндетті қорланымды қамтамасыз ететін жүйемен алмастыру жоспарланды. Яғни, екінші деңгей-жинақтаушы жүйенің негізгі ерекшеліктері міндеттілік және кең ауқымды жинақтаушылық болып табылды.

Жинақтаушы жүйеге көшкеннен кейін қаржылық дағдарыс кезеңдерінде табыстылық пен зейнетақы жинағын сақтау арасындағы балансты таңдаудың маңызы зор болды. Себебі бұл жылдары активтерді басқару тек нарық үшін ғана емес, инвесторлар үшін де айтарлықтай күрделі болды.

Қаржы дағдарысы Қазақстанда ғана емес, барлық елдерде зейнетақы активтерін басқаруда барлық кемшіліктер айқындала бастады. Нақтырақ айтсақ, зейнетақы активтерін басқарудағы әлсіздік: алуан түрлі қаржы құралдарына салынған инвестиция салдарын бағалай алмаушылықтан, дефолтты және ірі қаржы институттарының қайта құрылымдауын болжай алмаудан қатты білінді. Сонымен бірге бұл, жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық тұрақтылық кезінде, құлдырау жағдайына қажетті қорды (запастарды) уақтылы құра алмауында.

Зейнетақы активтерінің әлемдік құрылымы, соңғы онжылда біртіндеп акция мен жылжымайтын мүлік үлесінің төмендеуіне, депозит, облигация, инвестициялық үлестік құралдардың артуына әкеліп соқтыруда. Баламалы инвестициялар үлесі 10% шамасында өзгеріссіз қалды және дағдарыс кезеңінде көбею беталысы бар деп тұжырымдайды, ал институционалдық инвесторлардың көпшілігі өзінің қаражаттарын құбылмалылығы төменірек құралдарға салуда.

Ғаламдық қаржы дағдарысын (2008-2010 жылдары) әлемнің барлық зейнетақы қорлары сезінді, бұл бірінші кезекте зейнетақы активтерінің құнының төмендеуінен байқалды. Мысалы, 2008 жылы ЭЫДҰ елдеріндегі зейнетақы қорлары активтерінің құны 19%-ға төмендеді (2007 жылдың желтоқсанына \$18,7 трлн. және 2008 жылдың желтоқсанына \$15,3 трлн.). Алайда, ЭЫДҰ және бірқатар дамушы елдер мәліметтері бойынша, 2009 жылғы қаржы нарығының өсуінің арқасында, ЭЫДҰ елдеріндегі зейнетақы қорлары дағдарыс кезіндегі 3,5 трлн. долл. шығынның шамамен 1,5 трлн. долл. орнын толтырды. Зейнетақы қорлары 2013 жылы орташа есеппен 2,2% атаулы табыс алды [2].

ЭЫДҰ елдері мен өзге елдердегі зейнетақы активтерінің орташа табыстылығы, 2008 жылы (- 21%) -ды, 2014 жылы 2,4%-ды құрады. Дәл осы кезде Қазақстанның зейнетақы қорларының атаулы табыстылығы (- 0,84%) -ды және сәйкесінше, 2,2-ды құрады. Бұл көрсеткіштер, басқа мемлекеттермен салыстырғанда анағұрлым жоғары, ЖЗҚ-ның басым көпшілігі өз салымшылары үшін аса қиындық тудырмай, түрлі экономикалық қиындықтарға төтеп беріп, дағдарыстан шыға білді.

Дамыған елдерде (2007-2010 жылдары) зейнетақы активтерінің шамасы, TowerWatson зерттеулерінің мәліметтері бойынша [3], орта есеппен шамамен ЖІӨ-нің 2% азайған. Активтер құнының төмендеген себебі, дағдарысқа дейін зейнетақы қорлары активтерінің көп бөлігі акцияға салынған болатын. Қаржы дағдарысы Қазақстанның, сол сияқты шет елдердің (әсіресе, АҚШ-та, Австралияда, Венгрияда) зейнетақы қорларының инвестициялық стратегиясын қайта қарап, акцияларға салынған активтерді облигацияларға ауыстыруға мәжбүрледі. Бірақ, бұл қадам айтарлықтай көмек бермеді, зейнетақы қорлары активтердің жоғалған құнын қайта орнына келтіре алмады. Қазақстанда керісінше, мемлекеттің инвестициялық саясатқа ықпалы оң нәтиже берді, әсіресе тәуекелдерді азайтты, дегенмен дәл осы жайт зейнетақы активтері табыстылығының өсуіне шектеу жасады.

Дағдарыстан кейін, әлемнің көптеген зейнетақы қорлары, зейнетақы активтерінің сақталуын және оларды инвестициялау барысында тәуекелдерді азайту үшін, ЖЗҚ-ын ары қарай дамытуға ықпал ету шараларын қабылдады, 1 – кесте.

Кесте 1 – 2008 жылдан бастап жинақтаушы зейнетақы жүйелерінде қабылданған дағдарысқа қарсы ықпал ету шаралары

Міндетті зейнетақы жүйесіне аударылатын зейнетақы жарналары мөлшерлемесінің өзгеруі	
1	2
АҚШ	Жұмыс берушілерге жұмысшылардың зейнетақы жоспарларына аз жарна төлеуге рұқсат беру
Польша	2010 жылдан бастап еңбекақыдан алынатын жарнаның мөлшері 7,3%-дан 3%-ға дейін төмендеуі
Румыния	2010 жылдан бастап еңбекақыдан алынатын жарнаның мөлшері 2,5% - дан 2% - ға дейін төмендеуі
Литва	Жарналар мөлшері 2009 жылы 5,5%-дан 2010 жылы 2%-ға дейін төмендеді, 2012-2014 жылдары 6%-ға дейін артты
Эстония	Міндетті зейнетақы жарнасының 2011 жылы 2%-дан, 2012 жылы 4% - ға оралуы, ағымдағы қысқартуларды өтеу мақсатында 2014-2017 жылдары 2-деңгейдегі жарналар 6%-ға дейін артуы.
Латвия	Жарналар мөлшері 2009 жылы 8%-дан 2% - ға азайды, мөлшерлемелерді 2010 жылғы қаңтарда 4%-ға дейін және 2011 жылғы қаңтарда 6%-ға көтеру (осы уақытқа дейін жарналар мөлшері 2010 жылы 10%-ға дейін) жоспарланып отыр
Сингапур	Жұмыс берушілер жарнасының мөлшері табыстан 14,5% -дан 15,5% - ға дейін өсіру
Венгрия	52 жастан асқан тұлғаларға 2008 жылдан 2009 жылдың соңына дейін мемлекеттік бірінші деңгейге қайтып келуге рұқсат берілді. Соның нәтижесінде 60 мың адам жеке қорлардан 100 млрд. Форинтті аударды.
Зейнетақы қорланымына қол жетімділік	
Австралия	Кейбір отбасылық және медициналық шығындарды төлеу мүмкін болмаған жағдайда қорланымға шектеулік енгізуге рұқсат етілді
Венгрия	ЖЗҚ-дағы инвестициялардың шетелдік активтерге рұқсат етілген үлесінің азаюы, мемлекеттік облигацияларға сұраныстың көбеюіне әкеліп соқтырды, және дағдарыстың нағыз қызған кезінде пайдалылыққа қатаң талаптар енгізу, ЖЗҚ-ның акциялардан бас тартуға әкелді.
Словакия	Ақпаратты ашу жөніндегі қосымша талаптар
Германия	Кейбір жоспарлар үшін баспана сатып алуды қаржыландыру үшін қолжетімділікке рұқсат етіледі
Реттейтін талаптардың өзгеруі	
Испания	ЖЗҚ мониторингісіне және тәуекелдік-менеджментке қойылатын талаптардың күшеюі
Италия	Инвестицияларды әртараптандыру жөніндегі талаптарды қатаңдату
Венгрия	ЖЗҚ-дағы инвестициялардың шетелдік активтерге рұқсат етілген үлесінің азаюы, мемлекеттік облигацияларға сұраныстың көбеюіне әкелді
Түркия, Словакия, Венгрия	Ақпаратты ашу жөніндегі қосымша талаптар, бірінші іріктеу (2008 жылғы қаңтар-маусым) және екінші іріктеу (2008 жылғы қараша-2009 жылғы маусым)

1 – кестенің жалғасы	
1	2
Словакия	Дағдарыстың нағыз қызған кезінде пайдалылыққа қатаң талаптар енгізу ЖЗҚ-ның нарықтағы акциялардан шығуына әкелді
Нидерланды	ЖЗҚ директорлар кеңесіндегі кәсіпқой қамқоршылар, 100% құрамына дейін (талқыланады)
Қазақстан	ЖЗҚ портфельдеріндегі МБҚ үлесін ұлғайту жөніндегі Қаржы қадағалау агенттігінің талаптары. 2009 жылдың 01 сәуірінен бастап, ЖЗҚ портфельдеріндегі МБҚ үлесі 20%-ға, ал 2009 жылдың 01 қазанынан бастап-30%-ға жетуі тиіс.
ЗҚ басқаруға жұмсалатын шығындардың азаюы	
Мексика, Польша	Басқаруы компаниялардың комиссияларына шектік мән белгіленді
Чехия, Венгрия	Клиенттердің қордан қорға жиі ауысуына айыппұлдар енгізілді, бұл қордың клиенттерді өздеріне тарту шығындарына зайтады
Польша	Төлемді, жарнадан түсетін 2,1-2,8%-бен + пайдадан түсетін 2%-дың орнына жарнадан түсетін 3,5%-ға айырбастау. Клиенттердің бір қордан екінші қорға өтуіне шектеулер енгізілді.
Ескерту – Дереккөз: ВБ2009, ЦСР 2009, ЦМИ, <a href="http://www.ipe.com">http://www.ipe.com</a>	

2007-2016 жылдар аралығында зейнетақы активтерінің қорлану құрылымын талдау барысында осы уақытқа дейін жұмыс істеп келген жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін тежеп келген себептерді анықтадық.

Оларға біріншіден әсер еткен әлемдік дағдарыс-жалпы қаржы нарығындағы жағдайдың нашарлауы, яғни барлық қаржы құралдары бойынша табыстылықтың төмендеуі болса, екіншіден дағдарыстан кейін экономикада өсіп келе жатқан тәуекелді қауіптерге қарсы, Қорлардың қаржылық тұрақтылығын сақтау мақсатында реттеуші органдар тарапынан қойылған шектеулер. Үшіншіден, банк секторындағы тұрақсыздық (ЕДБ дефолты) жағдайлар. Төртіншіден, зейнетақы активтері көлемінің нарық сыйымдылығына сәйкес келмеуі, зейнетақы активтерін инвестициялау барысында бірінші нарықтың нашар дамуы, бағалы қағаздардың екінші қайталама нарығының болмауы, қаржы құралдарының тапшылығына байланысты зейнетақы активтерін әртараптандыру деңгейінің төмендігі, ұлттық валютаның девальвациясы мен ревальвациясы, құнсызданудың жоғары деңгейі.

Жекеменшік зейнетақы қорларын біріктіргеннен кейінгі орталықтан басқару барысында біраз өзгерістер болғанымен, зейнетақы активтерінің табыстылығы құнсыздану деңгейін жаппады. Сондықтан, зейнетақы активтері құрылымындағы мемлекеттік бағалы қағаздар үлесін азайтып немесе оның табыстылық деңгейі құнсыздануды жабатындай шаралар қолдану керек. Қазір зейнетақы қорларындағы салымшылардың активтерін мемлекет өзі кепілдендіруде, ал құнсыздану есебінен кеміген салымдарды мемлекет өмір-бақи толықтыра алмайтыны анық, бұл жағдай өз кезегінде ел бюджетіне үлкен салмақ түсіретіні белгілі. Сондықтан, біздің ойымызша бұл тығырықтан шығу еліміздің қор нарығын дамып, бұған отандық компаниялар мен эмитеттерді тарту. Бұл өз кезегінде қаржылық құралдардың тізімін кеңейтіп, зейнетақы активтерін әртараптандыруға, ал БЖЗҚ өз кезегінде қаржылық институт ретінде Қор нарығын дамытуға үлесін қосатын еді.

### Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Global Pension Asset Study. Towers Watson. электр. ресурс // <http://www.towerswatson.com/Global-Pensions-Asset-Study> – 2014.

2. Особенности развития накопительной пенсионной системы. // Данные по странам мира и выводы для Российской Федерации Отделение ОЭСР по негосударственному Open access: [http://www.aesa.kz:8080/conference\\_proceedings/2017/1](http://www.aesa.kz:8080/conference_proceedings/2017/1)

пенсионному страхованию//www.napf.ru/files/77222. 01.06.2013.

3. Жантаева А. А. Финансовые проблемы современной казахстанской пенсионной системы //Тезис докл. межд. науч. – практ. конф. «Иссык - Кульского форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии». – Бишкек. – Киргизская Республика, 2013. – №2. – С. 37-43.



**2017 жылдың 29 наурызында  
Алматы қаласында өткен  
«Қазіргі экономика және білім беру мәселелері, мүмкіндіктері мен даму  
перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының материалдары  
Том 2**

**Материалы международной научно-практической конференции  
«Современная экономика и образование: проблемы,  
возможности и перспективы развития»  
29 марта 2017г., г.Алматы  
Том 2**

**Materials of the International Scientific - Practical Conference  
“Modern Economics and Education: Problems,  
Opportunities and Prospects of Development”.  
March 29, 2017, Almaty  
Tom 2**

Ответственный за формирование сборника  
Дәрібай М.М.

Компьютерная верстка  
Айтжанова Н.М.

Подписано в печать 31.03.2017 г. Формат 60x80 1/8  
Усл.печ.л. 36.18

Издано Алматинской академией экономики и статистики  
050035, г.Алматы, ул.Жандосова, 59  
тел. 8 (727) 309-58-15, факс 309-30-00,  
E-mail: aesa2005@mail.ru